

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасында 2025-2026 оқу жылдарына арналған «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Ата-аналармен жоспарына сәйкес наурыз айында ұйымдастырылған іс-шараға

Анықтама

Ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес, 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай **«Қарлығаш»** мектепалды даярлық тобының аналары мен әжелерінің қатысуымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – аналар мен әжелерге деген құрмет пен сыйластық сезімдерін қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ ата-аналар мен білім беру ұйымы арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту болды.

Мерекелік шара барысында тәрбиеленушілер аналарына арнап жүрекжарды өлеңдерін оқып, әндер орындап, би биледі. Балалардың өнерлері көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекенің сәнін келтірді. Сонымен қатар аналар мен әжелердің қатысуымен түрлі қызықты ойындар, эстафеталар және танымдық сайыстар ұйымдастырылды. Қатысушылар белсенділік танытып, көтеріңкі көңіл-күйде болды.

Балалар өз қолдарымен дайындаған мерекелік сыйлықтары мен ашықхаттарын аналарына табыстап, жылы лебіздері мен алғыстарын жеткізді. Бұл сәт ата-аналар үшін ерекше әсерлі болып, балалар мен ата-аналар арасындағы мейірім мен сүйіспеншілікті одан әрі нығайта түсті.

Іс-шара барысында мерекенің тәрбиелік маңызы кеңінен насихатталып, отбасы мүшелеріне деген құрмет, қамқорлық, ізгілік пен адамгершілік құндылықтары дәріптелді. Ата-аналар балалардың жетістіктеріне қуанып, ұйымдастырылған іс-шараға ризашылықтарын білдірді.

Қорытындылай келе, 8 Наурыз мерекесіне арналған іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толық жетті. Ата-аналар мен балалар арасында жағымды қарым-қатынас орнап, мерекелік көңіл-күй қалыптасты. Осындай бірлескен жұмыстардың нәтижесінде отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы байланыс нығайып, тәрбиелік жұмыстардың тиімділігі артты.

